

"Бюджеттік инвестициялардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 680 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 887 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қазанда № 5988 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Бюджеттік инвестиациялардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 680 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5697 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 8 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

атаған қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. "Шығыс Қазақстан облысының өнірлік мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамы, "Қызылорда облысының аумақтық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және "Жобаларға сараптама жүргізу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:

1) облыстық бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерінің, сондай-ақ, респубикалық бюджеттен берілетін кредиттер мен нысаналы даму трансфертері есебінен қаржыландыруға жоспарланатын облыстық бюджеттік инвестициялық жобалардың экономикалық сараптамасын;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы облыстық бюджет қаражаты есебінен іске асыруға жоспарланатын бюджеттік инвестиациялардың, сондай-ақ, нысаналы даму трансфертері есебінен қаржыландыруға жоспарланатын бюджеттік инвестиациялардың экономикалық сараптамасын;

3) техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап ететін облыстық бюджеттік инвестиациялық жобаларды және қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруын бюджеттік кредиттеудің экономикалық сараптамасын облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыруға заңды тұлғалар ретінде айқындалсын".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д. Ысқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК